

БЕКІТЕМІН

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы  
колледжінің директоры  
Мамраева Г.Б.  
2020ж.



Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және алдын-алу жұмыстары бойынша 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыс есебі

Қарағанды, 2020

2019-2020 оқу жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және алдын-алу жұмыстары бойынша келесі мақсат пен қағидалар негізге алынды:

**Мақсаты:**

Тиісті моральдық және адамгершілік принциптер мен қылмыстық іс-әрекетті, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қасиеттерін дамыта отырып, сыбайлас жемқорлықсыз орта қалыптастыру.

**Қағидалары:**

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәртібінің стандарты мен белсенді азаматтық ұстанымын, көзқарасын қалыптастыруға бағыттау;
- сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру;
- кез- келген жемқорлық іс- қимылының алдын-алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және алдын-алу жұмыстары бойынша 2019-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шараларын жүзеге асыру бағдарламасын негізге ала отырып, 2019-2020 оқу жылына арналған жылдық жоспар құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құру туралы Ережеге (П-ВР-91) сәйкес комиссия құрамы құрылып, директор бұйрығымен (02.09. 2019ж №42) бекітілді. Жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар төмендегідей:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге байланысты ҚР Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ, нормативтік заңдармен колледж ұжымын колледж директоры Мамраева Г.Б., білім алушылар мен ата-аналарды тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Кабылова М.Б. таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Колледждің фойесіне және екінші қабатында мазмұнға сәйкес суреттер мен call center нөмірлері көрсетілген стендтер безендірілді және ол жыл бойы жаңартылып отырылды.

Колледждің ресми сайтындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет» айдарында ақпараттар толықтырылды.

Аралық аттестация емтихандары кезінде ассистенттер колледждің директоры бұйрығымен тағайындалып, аттестаттау жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Колледж психологы Қасым А.С. «Оқытушылар студенттер көзімен» әлеуметтік сауалнама жүргізіп, нәтижесі педагогикалық кеңесте қарастырылды.

Жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштері үшін сенім жәшігі жыл бойы үздіксіз тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Кабылова М.Б-ның басшылығымен қаралып отырылды.

Қазан айында оңтүстік-шығыс полиция бөлімінің қызметкерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әр азаматтың міндеті» дәрісі оқылды. Қамтылған студент саны – 210.

Бірыңғай «Адалдық сағаты» колледж студенттері арасында 3 рет: 2 қыркүйекте (995 студент <https://www.instagram.com/p/B16AZp1J6yi/?igshid=bgoecxcv2c9d>), 16 қазанда (937 студент <https://www.facebook.com/100009429400873/posts/2446820408975582/?d=n> ), 18 мамырда (213 студент <https://www.facebook.com/100009429400873/posts/2651193778538243/?d=n> ) өткізілді.

Ата-аналар жиналысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу шеңберіндегі отбасының рөлі» тақырыбында барлық топтарда қараша айында өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және алдын-алу жұмыстары негізінде «Жігер» жастар алқалық кеңесі координаторы Рахатжан Рийғанның жетекшілігімен колледж студенттерінен құрылған «Саналы Ұрпақ» клубы жұмысының жоспары бекітіліп, студенттер таныстырылды. Жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

Қараша айында «Жемқорлық – әлеуметтік және құқықтық жат қылық» тақырыбында дебаттық турнир өткізілді. Ақпан айында 1-курс студенттері арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» қабырға газеті сайысы ұйымдастырылды. Желтоқсан және мамыр айларында «Біз

таза сессияны қолдаймыз!» акциясы дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Мамырда 1-2 курс студенттері арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында эссе, фото флешмоб сайыстарын ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және алдын-алу жұмыстары бойынша жоспарланған барлық жұмыстар өз уақытында ұйымдастырылды. Колледждің ресми сайтында, әлеуметтік желілерінде ақпараттар жарияланып отырды.

Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары



Кабылова М.Б.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және алдын –алу, «Саналы Ұрпақ» жобалық кеңсесінің жоспарында көрсетілген негізгі бағыттарын жүзеге асыру жұмыс**

**ЖОСПАРЫ**

2020-2021 оқу жылы

*( ҚР 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы-ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы, ҚР Білім және ғылым министрлігі және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы күрес агентігінің «Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті білім беру ортасында қалыптастыру бағдарламасы», ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Алматы қаласы Әкімдігі, әл- Фараби атындағы ҚазҰУ бірлескен 2018-2020 жылдарға арналған «Саналы Ұрпақ» жарғы жобасы негізінде жасалды.)*

**Мақсаты:**

Тиісті моральдық және адамгершілік принциптер мен қылмыстық іс-әрекетті, сыбайлас жемқорлықты қабылдау қасиеттерін қалыптастыра отырып, сыбайлас жемқорлықсыз орта қалыптастыру.

**Принциптері:**

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәртібінің стандарты мен белсенді азаматтық ұстанымын, көзқарасын қалыптастыруға бағыттау;
- сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру;
- кез- келген жемқорлық іс- қимылын алдын-алу.

№	Жүргізілетін іс-шаралар атауы	Мақсатты топ	Жауапты адам	Мерзімі
<b>Ұйымдастыру шаралары</b>				
1	- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге байланысты колледж ұжымын, білім алушыларын, ата-аналарды ҚР Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ, нормативтік заңдармен таныстыру, түсіндірме жұмыстар жүргізу.	Колледж ұжымы, студенттер, ата-аналар	Колледж директоры Мамраева Г.Б. ТІЖДО Кабылова М.Б.	Тамыз
<b>Колледждің педагогикалық ұжымымен жұмыс</b>				
2	Колледждің педагогикалық ұжымын сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерімен таныстыру: -әдеп кодексімен таныстыру.	Педагогикалық ұжым	ТІЖДО М.Кабылова	Қыркүйек
3	<b>Құқықтық білімін жетілдіру мақсатында дәрістер өткізу:</b> - «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі»	Педагогикалық ұжым	Колледж директоры Мамраева Г.Б. ТІЖДО Кабылова М.Б.	Жыл бойы
<b>Колледж студенттерімен жұмыс</b>				
4	Колледж студенттерінен құрылған «Саналы Ұрпақ» клубы жұмысының жоспарын бекіту, студенттерді таныстыру, жұмыс жүргізу.	Клуб мүшелері	ЖАК координаторы Рахатжан Рийған	Қыркүйек
5	Колледж студенттерін колледждің ішкі тәртіп Ережесімен таныстыру, талаптарының орындалуын қадағалау.	1-4 курс студенттері	Топ кураторлары	Қыркүйек, үнемі

6	Бірыңғай кураторлық сағат «Адалдық сағаты»	1-4 курс студенттері	Топ кураторлары	Қазан
7	Оңтүстік-шығыс полиция бөлімінің қызметкерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әр азаматтың міндеті» дәрісін өткізу	1-4 курс студенттері	ТІЖДО Кабылова М.Б. «Саналы Ұрпақ» клуб жетекшілері	Қазан
8	«Жемқорлық – әлеуметтік және құқықтық жат қылық» тақырыбында дебаттық турнир өткізу	2-3 курс студенттері	«Саналы Ұрпақ» клуб жетекшілері	Қараша
9	1-курс студенттері арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» қабырға газеті сайысын ұйымдастыру, өткізу	1-курс студенттері	«Саналы Ұрпақ» клуб жетекшілері	Ақпан
10	1-2 курс студенттері арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында эссе, фото флешмоб сайыстарын ұйымдастыру, өткізу.	1-2 курс студенттері	ТІЖДО Кабылова М.Б. «Саналы Ұрпақ» клуб жетекшілері	Мамыр
11	«Біз таза сессияны қолдаймыз!» акциясы	1-4 курс студенттері	«Саналы Ұрпақ» клуб жетекшілері	Желтоқсан мамыр
12	Кураторлық сағат «Заң және жемқорлық»	1-4 курс студенттері	Топ кураторлары	Мамыр
<b>Колледж ата-аналарымен жұмыс</b>				
13	Ата-аналармен жиналысында қарастыру: - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу шеңберіндегі отбасының рөлі»;	Ата-аналар	Колледж әкімшілігі. Топ кураторлары	Қараша
<b>Қорытынды</b>				
14	Жыл бойы жүргізілген жұмыстарды зерделеу.	Колледж әкімшілігі	Колледж директоры Мамраева Г.Б.	маусым
15	Жаңа оқу жылына жаңа ұсыныстар.	Колледж ұжымы	ТІЖДО Кабылова М.Б.	маусым

Директордың тәрбие жұмыстары  
жөніндегі орынбасары



Кабылова М.Б.